

10. Vesna Jaki, Darko Majnarić, Jadranka Jurmanović, Željka Bažulić. Izolacija i identifikacija kvasaca iz uзорaka sekreta mliječne žlijezde krava // Mljekarstvo, 2007. Vol. 57 (2). – s. 119-125.
11. Glinski Z., Kostro K., Woloszyn S. Choroby zakazne zwerzat, cz. WAR, Lublin, 2000.

Жұманов Қ.Т., Бияшев Қ.Б., Бияшев Б.Қ., Сансызбай А.Р.,
Валдовска А., Орынтаев Қ.Б.

СИЫРДЫҢ МИКОЗДЫҚ ЖЕЛІНСАУЫН БАЛАУДА КЕЙБІР ӘДІСТЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Мақалада сиырдың микоздық желінсауын балауда әртүрлі әдістерді салыстыру мен қолдану туралы мәліметтер келтірілген. Сиырларды клиникалық зерттеу мен сүт бездері секретін зертханалық балаудың нәтижелері бойынша желінсаудың дамуының бірден бір этиологиялық факторы *Candida albicans* саңырауқұлағы болып табылады.

Кілт сөздер: микозды желінсау, ашытқы саңырауқұлағы, *Candida* саңырауқұлағы, сүт безі, центрифуга.

Zhumanov K.T., Biyashev K.B., Biyashev B.K., Sansyzbai A.R.,
Valdovska A., Oryntaev K.B.

COMPARISON OF SOME METHODS OF DIAGNOSTICS MASTITIS MYCOTIC IN COWS

The paper presents data on the use and comparison of different methods in the diagnosis of mastitis. According to the results of clinical examination and laboratory diagnosis of cow mammary gland secretions found that one of the etiological factors of mastitis is the fungus *Candida albicans*.

Keywords: mycotic mastitis, yeasts, fungus *Candida*, breast, centrifuge.

ӘОЖ: 619.614.31.637.636

Қазтаева Б.К., Жұмагелдиев А.А., Ромашев Қ.М., Шалхарова Д.Ж.,
Байбулатова Ж.Б., Аққозова А.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университет

БӨДЕНЕ ЖҰМЫРТҚАСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АЛМАСПАЙТЫН АМИНҚЫШҚЫЛДАРЫ

Андатпа

Мақалада бөдене жұмыртқасы мен тауық жұмыртқасының алмаспайтын аминқышқылдары организмге әсері және мөлшері салыстырыла отырып зерттеледі.

Кілт сөздер: бөдене жұмыртқасы, аминқышқылдары, алмаспайтын аминқышқылдары.

Кіріспе

Елбасы биылғы Жолдауында еліміздің ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, ал 2020 жылға таман 4 есе артатындығын атап өткен болатын.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де мемлекет басшысының назарынан тыс қалған емес. Осы орайда маңызды саланың бірі - құс шаруашылығы.

Құс шаруашылығы нарық сұраныстарын жеңіл диеталық тағамдармен қамтамасыз етуге өзінің сүбелі үлесін қосатын, аграрлық кешеннің үдемеліде жедел өзгеріп, тез дамиды саласы.

Елімізде құс шаруашылығы арасында кенже дамып келе жатқан шаруашылықтың бірі бөдене шаруашылығы. «Сойылатын малдарды сояр алдында қарап тексеру, ет және ет өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау» ережесінде ауыл шаруашылық құстарының барлық түрлері сойысқа жатады. Ал, кәсіби ауланатын немесе қолда (шаруа қожалықтарында) өсіріліп жүрген бөденелер жөнінде, бөдене жұмыртқасын пайдалану мүмкіндігі, сапасы, биологиялық, тағамдық құндылығы, тағам қауіпсіздігі туралы мәселелер өз шешімін таппаған. Ал, тағам үшін пайдаланылатын қаз, үйрек, жұмыртқаларына және жұқпалы аурудан таза емес шаруашылықтардан алынған тауық жұмыртқаларына қойылатын санитариялық-гигиеналық ережеде бөдене жұмыртқасын пайдалану реті көрсетілмеген. Бірақ, аңшылар немесе осы құсты кәсіп ретінде бағып жүрген шаруа қожалықтары, делдал фирмалар т.б. бөдене жұмыртқасын саудаға шығарып сатуда, ал тұрғындар бөдене жұмыртқаларын тағам ретінде пайдалануда. Ол, көптеген келеңсіз жағдайлардың пайда болып, таралуына себепкер болуы мүмкін. Сондықтан да бөдене жұмыртқасының тағамдық қауіпсіздігін анықтау қажеттілігі туындауда.

Материалдар мен әдістер

Бөдене жұмыртқасынан сынамалар алынып, ветеринариялық санитариялық сараптауда жалпылай қолданылатын, құнарлығының өлшемі болып саналатын алмаспайтын аминқышқылдары анықталып, тауық жұмыртқасындағы мөлшерімен салыстырыла отырып талдау жасалынды. Аминқышқылдарды анықтау «Автоматтандырылған амин қышқылды анализатор» (ААА-881) құралында жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Қазіргі таңда Қазақстанда құс шаруашылығы қарқынды дамып келеді және құс өнімдеріне деген сұраныс күннен-күнге артуда. Себебі, құс еті мен жұмыртқасында адамға қажетті барлық құнарлы заттар кездеседі. Оларға ақзат, май, минералды және экстрактивті заттар жатады. Құс еті өзінің сіңімділігімен ерекшеленеді, оның құрамында биологиялық активті, алмаспайтын және алмасатын амин қышқылдарымен, жоғары сапалы май қышқылдары болады.

Аминқышқылдар өз ретінде алмасатын және алмаспайтын болып бөлінеді. Оларға тоқталатын болсақ, валин қан тамырлары жүйесінің дұрыс қызмет атқаруы үшін. Оның жетіспеуінен қан тамырлары жүйесінің қызметі бұзылып, жүріп тұруы, қимыл-қозғалыс өзгеріп, айналма ауруына шалдығады. Валиннің мөлшері бөдене жұмыртқасы құрамында $894 \pm 0,15$ мг, ал салыстыру үшін алынған тауық жұмыртқасында оның мөлшері $772 \pm 1,2$ мг болды. Жалпы бөдене жұмыртқасында валин мөлшері тауық жұмыртқасындағы мөлшерден 22 мг артық екендігі анықталады.

Тағамдық аминқышқылдарды пайдалану үшін изолейциннің маңызы зор. Изолейциннің жетіспеуінен – денеден азоттың бөлінуі көбейіп, арықтайды, тәбеті төмендейді. Тексеру нәтижелері бойынша, бөдене жұмыртқасы құрамындағы изолейцин мөлшері $537 \pm 0,09$ мг, тауық жұмыртқасында $772 \pm 1,2$ мг. Зерттеу мәліметтеріне сүйене отырып, бөдене жұмыртқасында изолейцин мөлшерінің 50 мг кем екендігі анықталды. Оның бұлай болуы себебі, атқаратын қызметіне байланысты.

Қан плазмасындағы және ұлпалардағы ақзатты құруда лейциннің атқаратын қызметі жоғары. Лейциннің жетіспеуінен – азоттық баланс бұзылып, азықтың жұғымдылығы төмендейді. Құстың тәбеті және өсуі бұзылады. Біздің анықтауымыз бойынша бөдене жұмыртқасы құрамындағы лейцин мөлшері $1056 \pm 0,25$ мг, тауық жұмыртқасында $1081 \pm 1,5$

мг болды. Тексеру нәтижесіне қарай, лейцин мөлшері бөдене жұмыртқасында 25 мг кем екендігі байқалады (1-кесте).

1 кесте – Бөдене және тауық жұмыртқасы құрамындағы аминқышқылдарының мөлшері, мг\ 100 г есебімен

Аминқышқылдары	Бөдене жұмыртқасы	Тауық жұмыртқасы
Алмаспайтын аминқышқылдар	5216±0,5	5243±3,3
Валин	894±0,15	772±1,2
Изолейцин	537±0,09	597±1,1
Лейцин	1056±0,25	1081±1,5
Лизин	911±0,15	903±1,5
Метионин	384±0,12	424±0,5
Треонин	617±0,15	610±0,8
Триптофан	174±0,075	204±0,3
Фенилаланин	643±0,15	6,52±0,5

Лизин сперматозоид ақзатының құрамына кіріп, жыныс ағзаларының қызметі мен сүйектің жетілуіне ықпалын тигізеді. Оның жетіспеуінен бұлшық еттің – кемуі, сүйектің өсіуінің бұзылуы, қан құрамының өзгеруі, қауырсанның қылшықтануы, қышқылдардың азаюы, жыныс циклінің бұзылуы сияқты өзгерістер болады. Құстың өсуі мен гемоглобин түзуіне қатысады. Алынған бөдене жұмыртқасы құрамында лизин мөлшері 911±0,15 мг болса, салыстыру үшін алынған тауық жұмыртқасында оның мөлшері 903±1,5 мг болғанын көруге болады. Алынған нәтиже бойынша лизиннің 8 мг артықтығы көрінеді.

Метионин – бауырды қорғап, глобин түзуге қатысады, ағзаны холин, кератин түзетін метил топтарымен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ол жүннің өсуіне әсерін тигізіп, ақзатты заттардың алмасуын реттейді. Метионин жеткіліксіз болса – лецитин азайып, бауыр майланып, жүн қатайып, бұлшық еттің семуінен қан аздық байқалады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бөдене жұмыртқасы құрамында метионин мөлшері 384±0,12 мг болса, ал салыстыру үшін алынған тауық жұмыртқасындағы метиониннің мөлшері 424±0,3 мг\100 г жетті.

Тағамдық аминқышқылдарын сіңіруге треонинмен бірге изолейцин қатынасады. Оның жетіспеушілігінен азоттық бөлінуі көбейіп, мал арықтайды. Треониннің мөлшері бөдене жұмыртқасында 617±0,15 мг, ал салыстыру ретінде алған тауық жұмыртқасында ол 610±0,8 мг құрады. Яғни, треониннің бөдене жұмыртқасындағы мөлшері тауық жұмыртқасындағы мөлшерден 7 мг\100 г артық.

Триптофан – гемоглобиннің түзілуіне әсер етеді, көз пигментіне және организмнің өсіп-өнуіне қажет. Оның мөлшерінің азаюынан көздің қарашығы күңгірттеніп, қауырсын селдіреп – сирексіп, іріленіп қатайды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бөдене жұмыртқасы құрамында триптофан мөлшері 174±0,07 мг болса, салыстыру үшін алған тауық жұмыртқасында 204±0,3 мг жететінін көрсетті. Сонымен, триптофан мөлшері бөдене жұмыртқасында 30 мг кем.

Фенилаланин – аскорбин қышқылының мөлшерін реттейді. Тироксин мен адреналин гормондары мен пигменттерін түзеді. Қанның молаюына қатынасады. Оның жетіспеушілігінен – қалқанша безі мен бүйрек үсті безі қызметі бұзылып, пигмент құралмайды. Біздің зерттеуіміздің нәтижесіне көріп отырғанымыздай, бөдене жұмыртқасы құрамында фенилаланин мөлшері 643±0,15 мг болды, ал салыстыру үшін алынған тауық жұмыртқасындағы фенилаланиннің мөлшері 652±0,5 мг құрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша, бөдене жұмыртқасы құрамындағы алмаспайтын аминқышқылдарының мөлшері бөдене жұмыртқасында 5216 мг болса, бұл көрсеткіш тауық

жұмыртқасында 5243 мг болғаны анықталды. Яғни, бөдене жұмыртқасының алмаспайтын аминқышқылдарының мөлшері, арнайы салыстыру үшін алынған тауық жұмыртқасының аминқышқылдары мөлшерімен шамалас.

Қорытынды

Бөдене жұмыртқасы құрамында аминқышқылдарының ішіндегі алмаспайтын аминқышқылдар мөлшері 5216 мг\100 г болса, бұл көрсеткіш тауық жұмыртқасында 5243 мг\ 100 г жетті. Ең көп мөлшерде лизин 911-903 мг, валин 894-772 мг, треонин 617-610мг болды. Зерттеліп отырған бөдене жұмыртқасы жоғары бағалы өнімге жататыны анықталды.

Әдебиеттер

1. Қырықбайұлы С., Телеуғали Т.М. Ветеринариялық санитариялық сараптау практикумы. –Алматы, 2007.
2. Таңатаров А.Б., Әлпейісов Ш.Ә., Дабжанова С.Т. Құс шаруашылығы. –Алматы, 2005.
3. Махатов Б.М., Мелдебеков А., Абрикосова В.И., Байбатшанов М.К. Бөдене өсіру ерекшеліктері. –Алматы, 2010.
4. Пигарева М.Д., Афанасьев Г.Д. Перепеловодство. -Москва, Росагропроиздат. 1989.

Қазтаева Б.К., Жұмагелдиев А.А., Ромашев Қ.М., Шалхарова Д.Ж.,
Байбулатова Ж.Б., Аққозова А.С.

НЕЗАМЕНИМЫЕ АМИНОКИСЛОТНЫЙ СОСТАВ ПЕРЕПЕЛИНЫХ ЯИЦ

В статье приведены данные результатов незаменимых аминокислот перепелиных яиц.
Ключевые слова: перепелиные яйца, аминокислоты, незаменимые аминокислоты.

Kaztaeva B.K., Zhumageldiev A.A., Romashev K.M., Shalharova D.J.,
Baibulatova J.B., Akkozova A.S ,

IRREPLACEABLE AMINO ACID COMPOSITION OF QUAIL EGGS

To the article data of results of irreplaceable amino acids of quail eggs are driven.
Key words: quail eggs, amino acids, irreplaceable amino acid

ӘОЖ 619:616.98:578.832.1-092-053.2:636.5

Кенжебекова Ж.Ж., Ибажанова А.С., Балгимбаева А.И.

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ТАУЫҚ БАЛАПАНДАРЫНДАҒЫ НЬЮКАСЛ АУРУЫН ПАТМОРФОЛОГИЯЛЫҚ БАЛАУ

Аңдатпа

Аталған мақалада табиғи жағдайда Ньюкасл ауруымен ауырып өлген тауық балапандарының ішкі мүшелеріндегі негізгі патологиялық морфологиялық өзгерістер зерттелді. Балапандарды сойып зерттеу барысында ауруға тән патоморфологиялық өзгерістер ас қорыту жолдарында нүктелі қанталаулар, аш ішектің некроздануы, нефроз,